

Мәслихаттың 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 318 "Қостанай облысы Қостанай ауданы И.Ф. Павлов атындағы ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 479 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 ақпанда № 8953 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Қостанай ауданы И.Ф. Павлов атындағы ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 318 шешімінің (2018 жылғы 5 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8055 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Павловский

*Қостанай аудандық мәслихаты хатшысының міндетін
атқарушы*

Б. Бурашев